


Білім беру процесіне ата-аналарды тарту

Әдіскер: Усенбаева М

Шымкент қаласы Білім Басқармасы
“Qazyna balabaqshasy” ЖШС бөбекжай-балабақшасы



Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:




Бөбекжайымызда 2 топ жасақталған:

*«Балапан»
ортаңғы
тобы*



*«Балбөбек»
ересек
тобы*

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер



Бөбекжайымыздың негізгі міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;
- 4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- 5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара ықпалдастық;
- 6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басты міндеттері:





Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналарды тарту тәрбиелеу процесін жүзеге асыруда қажетті іс-әрекет болып табылады.

Қазіргі кезеңде тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекет етуге, ынтымақтастыққа, оларды мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне тартуға ерекше назар аударылады.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдары педагогтерге көмек ретінде ұсынылады



**Отбасы мен балабақша – қоғамда
негізгі рөл атқаратын екі
қоғамдық институт, ата-
аналармен жұмысты
ұйымдастыру кезінде бір-бірін
тыңдау өзара түсіністік, әдептілік,
шыдамдылық сияқты сапаларды
меңгеруі қажет.**



**Ата-аналар баланы
тәрбиелеу мен дамытуда тек
қана мектепке дейінгі ұйым
ғана емес өздері де жауапты
екенін ұмытпауы тиіс**



Мәселелік жағдайлар
неліктен туындайды?

Тәрбиеленушілердің ата-аналары көбінесе жұмыста болғандықтан мектепке дейінгі ұйым қызметі туралы ақпаратты интернет, теледидар және басқа да ақпарат көздерінен алады.

Алынған ақпараты жалпылама, балаға қатысты болмағандықтан ата-аналарға әдістемелік көмек көрсете алмайды.


Ата-аналар балабақшадағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын жақсы түсінбейді, кейді тәрбиешілердің кеңестері мен өтініштерін тыңдамайды.

Ата-аналар көбінесе сыртқы бақылаушылар ұстанымын білдіреді.

Педагог пен ата-ана үнемі өздерін пікірлес сезінбейді, баланың тәрбиесіне қарау тәрбиешінің жеке міндеті деп қарау.



Осылайша, балабақша мен отбасы
диалогы өзара ынтымақтастық пен
өзара көмекке негізделуі тиіс,
нәтижесінде жұмсалған барлық күш-
жігер бала тәрбиесіне оң ықпал етуі
тиіс



Бұл жағдайда отбасымен өзара
әрекеттің әр түрлі іс-шараларын
белсенді қолдану, ата-аналардың пікірін
тыңдау, олар үшін ыңғайлы уақытта
қарым-қатынас жасауға көбірек уақыт
бөлу ұсынылады



«Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет»